



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-21/1706 от: 05.07.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017 жылғы 8 маусымдағы № ДС-159-хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасында шіркейлерге қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізуге қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – ДСМ) ақпараты бойынша Қазақстан Республикасының аумағында таралған шіркейлер түрлері адамның инфекциялық ауруларының, оның ішінде оба, туляремия, күйдіргінің және басқа да аса қауіпті аурулардың тасымалдаушылары болып табылмайды.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабы 2-тармағының 18-4) тармақшасына сәйкес профилактикалық дезинсекция мен дератизацияны (инфекциялық және паразиттік аурулар табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары жүргізеді.

Осы мақсаттарға 2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджетте 2 738 439 мың теңге жалпы сомасында трансферттер көлемі, оның ішінде жыл сайын 912 813 мың теңге көзделген.

Жәндіктерге және кеміргіштерге қарсы күрес бойынша жүргізілген іс-шараларды бағалау және ұсынымдарды әзірлеу үшін Денсаулық сақтау, Ауыл шаруашылығы, Қаржы министрліктері және жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қатысуымен, ғылыми қоғамдастық өкілдерін тарта отырып, жұмыс тобын құру тапсырылды.

Жұмыс тобының жұмыс нәтижесі бойынша ДСМ Сіздерді қосымша хабардар етеді.

Б. Сағынтаев

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

№ ДС-159 от 8 июня 2017 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос, касательно проведения мероприятий по борьбе с мошками в Республике Казахстан, сообщая следующее.

По информации Министерства здравоохранения (далее – МЗ) виды мошек, распространенные на территории Республики Казахстан не являются переносчиками инфекционных заболеваний человека, в том числе чумы, туляремии, сибирской язвы и других особо опасных заболеваний.

Согласно подпункту 18-4) пункта 2 статьи 9 Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» профилактическую дезинсекцию и дератизацию (за исключением дезинсекции и дератизации на территории природных очагов инфекционных и паразитарных заболеваний, а также в очагах инфекционных и паразитарных заболеваний) проводят местные исполнительные органы областей, города республиканского значения и столицы.

На эти цели в республиканском бюджете на 2017 – 2019 годы предусмотрены объемы трансфертов в общей сумме 2 738 439 тыс. тенге, из них ежегодно по 912 813 тыс.тенге.

Для проведения оценки проводимых мероприятий и разработки рекомендаций по борьбе с насекомыми и грызунами дано поручение создать рабочую группу с участием представителей министерств здравоохранения, сельского хозяйства, финансов и местными исполнительными органами, с привлечением представителей научного сообщества.

По результатам работы рабочей группы МЗ проинформирует Вас дополнительно.

Б. Сагинтаев